

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана**

**Азаматтық, патриотизм, әлеуметтік жауапкершілікті
қалыптастырудағы және
«Мәңгілік ел»
ұлттық идеясын іске
асырудағы мектеп кітапханасының рөлі**

Әдістемелік ұсынымдар

Алматы, 2016

Азаматтық, патриотизм, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудағы және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асырудағы мектеп кітапханасының рөлі

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүріп отырғаны атап көрсетілген. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы.

Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жалпы орта білім беру жүйесінің негізгі бағдарламалық мақсаттарының бірі мыналар болып табылады: сапалы орта білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, зияткерлік, физикалық, имандылық тұрғысынан дамыған және табысты азаматты қалыптастыру және оқушылардың бойында «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-имандылық құндылықтары мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында негізгі жұмыс бағыттары іске асырылатын болады:

1. «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын ескере отырып, негізгі және ересектер мектебінің жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары бойынша жалпы оқу білім беру бағдарламалары әзірленетін болады;

2. «Қазақстандық біртектілік» элективтік курсы әзірленіп, жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізілетін болады;

3. Иманы кәміл азаматтарды және өз Отанының патриоттарын тәрбелеу «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын ескере отырып іске асырылатын болады;

4. Патриоттық тәрбиеге, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған «Шаңырақ», «Назарбаев интеллектуалды мектептері» әлеуметтік жобасының тәжірибесі таратылатын болады;

5. Жеке тұлғаның шығармашылық күзіреттілікте, үздіксіз оқыту мен тәрбиелеуде, кәсіби өзін-өзі белгілеуде бәсекелесті артықшылықтарды қалыптастыру мақсатында негізгі: көркемсурет-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, білім беру-сауықтыру тағы басқа бағыттар бойынша балаларға қосымша білім беру мазмұны жаңартылатын болады;

6. Орта білім беру имандылық құндылықтарды, ұлттық-мәдени дәстүрлерді нығайтуға және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз Отаны үшін жауапкершілік ала білетін жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Тұтастай білім беру жағдайында мектеп Қазақстан халқын өз елінің ашық, мейірбан азаматтары етіп тәрбиелеуге ықпал етіп, патриоттық сезімдерді сіңіре отырып, оларды топтастыратын жалпыұлттық идеяларды іске асыруға үлес қосуды қамтамасыз етеді;

7. Барлық жалпыға міндетті стандарттар мен оқу бағдарламаларына жеке тұлғаның рухнаи-имани және зияткерлік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін құрамдастар енгізілетін болады;

8. «Жасұлан» бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымының (әрі қарай - ББЖҰ) жұмысы жандандырылатын болады. Ол теледидар, әлеуметтік жарнама, кино, концерттер, көпшілік акциялар, топсаяхаттар, жорықтар арқылы патриоттық, волонтерлік, азаматтық-құқықтық іс-шаралар өткізетін екі буынға бөлінеді: «Жас Қыран» (7-9 жас, 2-4 кластар) және «Жас Ұлан» (9-16 жас, 5-9 кластар);

9. Оқушылар соның ішінде медиаресурстарды пайдаланып, қайырымдылық, ізгі ниет, әлеуметтік теңдік, конфессияаралық және этникалық тағаттылық әлеуметтік акцияларына қатыстырылатын болады;

10. Оқушылардың бойында тамақтану мәдениетін, соның ішінде теңгерімді кенеулі тамақтану және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды қамтамасыз етуді насихаттау арқылы қалыптастыру шаралары қабылданатын болады.

Сайып келгенде, білім беру ұйымының басты құрылымдық бөлімшесі ретінде мектеп кітапханаларының мектепте білім берудің басталуының жаңа кезеңінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының қағидаттарын ескеріп, жұмыстың тәрбиелік құрамдасын күшейтуі қажет.

Қазіргі кезде оқушылардың бойында «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-имандылық құндылықтарын қалыптастыру үшін мектеп кітапханаларында педагогикалық ұжыммен бірлесіп, әдебиеттерді насихаттау, оқушыларды оқуға тарту жөнінде ауқымды жұмыс жүргізілуде. Оқырманмен жеке және көпшілік жұмыста оң өзгерістер байқалады, кітапхана ұсынатын қызметтер тізбесі кеңеюде. Мектеп кітапханашылары мектепте өткізілетін барлық іс-шараларға белсене қатысады. Кітапхана өткізетін көпшілік кешенді кітапханалық шаралардың түрлері мен әдістері жетілдірілуде. Олар тақырыптық әдеби-сазды кештерді, оқырман конференцияларын, ауызша журналдарды, таныстырылымдарды, қызықты адамдармен кездесулерді, түрлі конкурстарды, зияткерлік ойындарды, диспуттарды, викториналарды қамтиды, оларға шығармашылық тәсіл танытылған. Дәстүрлі түрде көктемгі демалыс күндері республика мектептерінде Балалар кітабы апталығы өткізіледі.

Бүгінде Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын тиімді және сапалы іске асыру мақсатында мектеп кітапханалары мектеп

кітапханасының жаңа бейнесін жасау үшін кітапхана-библиографиялық және ақпарат қызметін жаңаша түйсініп, жобалауы тиіс.

Мектеп кітапханасында жайлы жаңа білім беру ортасын құру қажет, мұнда кітапханалық және педагогикалық тәсілдермен оқушылардың бойында «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-имандылық құндылықтары қалыптасатын болады.

Барлық мектеп кітапханаларында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – жалпыұлттық идея» тақырыбында тұрақты жұмыс істейтін кітап көрмесін ұйымастыруды ұсынамыз. Оқу жылы бойына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті мызғымас тұғыры» тақырыбында жеті бағыт бойынша көпшілік кітапхана шараларын ұйымдастыру және өткізу қажет:

1. «Мәңгілік Ел» - бұл Тәуелсіздік және Астана. Басты бағыттары – азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

2. «Мәңгілік Ел» - бұл Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім. Іс-шаралардың үлгі атаулары: «Бір ел – бір тағдыр», «Бірлік. Бейбітшілік. Келісім», «Шыққан тегіміз әртүрлі – мүмкіндігіміз теңдей», «Ұлттық рухты дамыту».

3. «Мәңгілік Ел» - бұл Зайырлы мемлекет және Биік рух. Басты бағыттары: қазақстандық патриотизмді, этносаралық және конфессияаралық келісімді қалыптастыру, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне тартылу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін зерделеу.

4. «Мәңгілік Ел» - бұл Инновациялардың негізіндегі тұрақты Экономикалық өсім. Басты бағыттары: республиканың қоғамдық, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.

5. «Мәңгілік Ел» - бұл Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы. Басты бағыттары: еңбексүйгіштікке және жауапкершілікке, Еңбек Адамын құрметтеуге тәрбиелеу.

6. «Мәңгілік Ел» - бұл тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Үлгі тақырыптары: «Біз – Үлкен елміз – Үлкен шаңырақпыз», «Біз, Қазақстан халқы» «Халықтың тілі – рухани қазына, ұлттың зияткерлік капиталы».

7. «Мәңгілік Ел» - бұл Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпыәлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық қатысуы. Басты бағыттары: азаматтық ұстанымы белсенді жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси өміріне қатысу қажеттігін қалыптастыру.

Бүгінде республиканың мектеп кітапханашылары кітапхана қызметінің алуан түрлерімен және бағыттарымен шұғылданады. Мектеп кітапханалары жұмысының басты құрамдастары дәстүрлі жұмыс түрлері болған және солай болып қалады. Бұл технологиялық процестер: жинақтау, құжаттарды қабылдау және есепке алу, әдебиеттерді өңдеу, қормен жұмыс істеу, оқырмандарға қызмет көрсету (оқырмандарды жазу, әдебиеттер беру және

кабылдау). Мектеп кітапханашылары білім беру ұйымының білім беру-тәрбиелеу процесін қолдаумен байланысты қызметінің мазмұндық қырымен белсенді түрде шұғылданады. Бұл оқырмандармен жұмыс, әңгімелесулер, кеңес беру, көпшілік кітапхана шараларын өткізу, кітап көрмелерін безендіру, библиографиялық анықтамаларды орындау, әдебиеттердің ұсынба библиографиялық тізімдерін әзірлеу, кітапхана-библиографиялық білімдерді насихаттау, жалпымектеп шараларына қатысу.

Кітапхана жұмысының дәстүрлі әдістерімен қатар республиканың мектеп кітапханашылары инновациялық жұмыс нысандары мен ақпарат-коммуникациялық технологияларды ендіруде. Бұл мектеп кітапханаларын компьютерлік және көшірмелеу-көбейту техникасымен жарақтандырудың, Интернетке қосудың арқасында мүмкін болды.

Қазіргі кезде электрондық оқыту («e-learning») енгізілген мектептерде кітапхана түрлі ақпарат көздеріне қатынау қамтамасыз етілетін орталыққа айналған. Оқушылар мен мұғалімдер ақпаратты алып қана қоймай, сонымен бірге оқушыларды ғылыми жобаларға, олимпиадаларға, түрлі мектеп. Қалалық және республикалық конкурстарға дайындау жөнінде жеке және бірлескен жұмысты атқара жүріп, онымен шығармашылықпен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болған.

Соңғы жылдары мектеп кітапханаларының қорлары сапалық тұрғыда өзгерді. Заманауи, сапалы басылған отандық өндірістегі көптеген тарих, мәдениет жөнінде әдебиеттер, энциклопедиялар, анықтамалықтар, мектеп пәндері бойынша оқу құралдары, сондай-ақ қазақстандық авторлардың мектеп бағдарламасына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі көркем әдебиеттері сатып алынды.

Мектеп кітапханаларының тәрбие жұмысы оқушының, елдің құндылығын, тарихы мен дәстүрлерін бойына сіңірген азаматтарының, ішкі мәдениеті биік, шығармашылықпен және өз бетінше ойлауға қабілетті, алған білімдерін күнделікті өмірде шығармашылықпен пайдалана білетін дүниетанымы кең адамдардың рухани-имани тұлғасын қалыптастыруға бағдарланған.

Мектеп кітапханашыларының көпшілігі оқушыларды оқуға тартудың озық дәстүрлерін ұстанады. Оқуға басшылық жасау жөніндегі мақсатты жұмыс істейтін кітапханашылар жыл сайын оқушылардың оқырмандық қызығушылығын зерделеу жөнінде сауалнама өткізеді, оқушылардың оқуына талдау жүргізеді, оқырман формулярларын талдау нәтижелері бойынша «Ең көп оқитын сынып», «Кітапхананың үздік оқырманы» атағына конкурс өткізеді, педагогикалық кеңестерде «Оқушылардың оқу аясы – олардың рухани қалыптасу көрсеткіші» тақырыбында хабарламамен шығып сөйлейді.

Үстіміздегі жылы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа ұлттық жоспар – «Мемлекет құрылысының әрі қарайғы 100 нақты қадамын» ұсынды, онда әлемнің жетекші елдерінің озық педагогикалық тәжірибесі негізінде білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған қадамдар қарастырылған.

Білім берудің іргетасы мектеп болып табылады. Мектепте білім беру мазмұнының жаңа үлгісі функционалдық сауаттылықты, өз бетінше ізденуді, сыни талдауды және бағалауды, білімдерді іс жүзінде қолдану дағдылары негізінде құзіреттерді дамытуды ең бастылары деп есептейді. Мектепте білім берудің жаңа мазмұны біздің «білетін адам» дәстүрлі білім беру жүйемізден әлемнің озық елдерінің «шығармашылықпен ойлауға, әрекет етуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті адам» білім беру жүйесіне көшуге мүмкіндік береді.

Бүгінде мектеп кітапханасының жаңа бейнесін жасау үшін, біріншіден, мектеп кітапханашыларының кәсіби санасында, олардың қызметінің технологиясында сапалық өзгерістер қажет. Бастысы бүгін жаңаша жұмыс істеу қажет. Бүгінде кітапханашы жеке ақпарат мәдениетінің жеткілікті жоғары деңгейіне ие болып, өз жұмысын жақсартуы және ұтымдылауы тиіс.

Екіншіден, кітапханада жайлы білім беру ортасын құру қажет, мұнда кітапханалық және педагогикалық тәсілдермен пайдаланушылардың ақпараттық дүниетанымы қалыптасуы тиіс.

Мектеп кітапханашылары өз міндеттерін тек кітап қорын қабылдауға, беруге, есепке алуға және сақтауға әкеп тіремеуі, оқушылардың қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға көмектесу үшін ақпарат тасқынының бастауында тұруға, оны бағыттауға тиіс. Қазіргі таңда оқу процесінде заманауи ақпарат өнімдері мен қызметтерінің кең репертуары бар өзіндік жұмыстың үлесі арта түсіп отыр. Оқыту процесінің өнімділігі енді көбінесе педагогтар мен оқушылардың ақпарат қажеттіктерін қамтамасыз ету сапасымен де анықталатын болады, ал бұл, шүбәсіз кітапханалар тарапынан айтарлықтай қолдауды қажет етеді.

Мектеп кітапханасы функционалдық сауаттылықты және шығармашылық оқуды, яғни балалардың жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлану, оқумен өз мақсаттарына жету үшін шұғылдану, өз білімдері мен мүмкіндіктерін кеңейту қабілетін дамытудың орталығына айналуы тиіс. Баланың оқырман ретінде дамуы, бағдарламадан тыс оқудың көлемі мен сапасы және оқудағы табыстылығы арасында тікелей байланыс бар ғой. Егер оқымайтын баланы оқуға ынтасын оята алсақ, онда оның оқудағы табыстылығын арттырған боласыз. Сондықтан баланың оқуын дамыту жөніндегі тиімді әрі сапалы жұмысты іске асыруда кітапханашылардың, мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысын жандандыру, балаларға нағыз әдебиетке талғам мен қызығушылықты сіңіру қажет.

Білім беруді жаңартудағы басты рөл мұғалімге тиесілі. Мәлім болғандай, оқыту сапасы мұғалімнің біліктілігі деңгейіне байланысты. Сондықтан, мектеп кітапханашылары тиімді оқу процесіне және педагогтардың өздігінен білім алуына септігін тигізетін педагогикалық кадрларды ақпаратпен қамтамасыз ету жөнінде тиімді әрі сапалы жұмыс жүргізуі, білім беру, оқыту және оқу процесін ұйымдастыру проблемалары жөнінде ақпаратты саралы тарату (АСТ) және басшыларға саралы қызмет көрсету (БСК) режимінде топтық және жеке хабарлауды белсенді түрде және шапшаң ұйымдастыруы қажет.

Үшіншіден – инновацияларды ендіру. Мектеп кітапханаларының инновациялық қызметі өз міндеттерін тиімді атқаруға, кітапхананың оқу процесін жаңа ақпаратпен сапалы түрде сүйемелдеуге ғана емес, сонымен бірге оқушылар мен педагогтарға тану және өзін-өзі дамытуға, педагогикалық және тәрбиелеу процесінің тең құқылы қатысушысы болуына жаңа мүмкіндіктер жасауға қабілетті мектеп құрылымы ретіндегі жағымды бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңалықтарды ендіруге бағытталуы тиіс.

Төртіншіден – тек оқушылардың ғана емес, сондай-ақ педагогтар мен оқушылардың ата-аналарының ақпарат мәдениетін қалыптастыру жөнінде мақсатты тиімді әрі сапалы жұмысты жандандыру қажет.

Оқушылардың ақпарат сауаттылығы оқу, ақпаратты табу, одан қажетті білімдерді алу қабілеттерін қалыптастырады. Осыған байланысты мектеп кітапханасының балаларды ақпаратпен жұмыс істеуге баулу бөлігіндегі маңызы арта айрықша арта түседі. Барлық ақпарат ресурстары шоғырлануы тиіс кітапханада оқушыларда кітапхананың тәуелсіз пайдаланушысы, ақпаратты табу ғана емес, сондай-ақ оны бағалау, сұрыптау, тексеру және іріктеу, кез келген сұранысты қалыптастыру, ақпаратты ұйымдастыру және ұсыну нысандарына баулу дағдыларын қалыптастыру қажет.

Бесіншіден – кітапханашы мен мұғалімнің жұмысын үйлестіру қажет. Мұғалім мен кітапханашы әр баланы әр қырынан көреді. Жұмысты үйлестіру және көзқарастарды біріктіру мұғалімге де, кітапханашыға да педагогикалық міндеттерді – әр оқушының ерекшеліктерін, оқуға қабілеттерін, әдебиеттерді таңдау кезінде жалпы мәдени деңгейін және жеке және сыныппен жұмыс істеу нысандарын ескере отырып, әр нақты баланы тәрбиелеу және білім беру міндеттерін тиімді шешуге көмектеседі.

Негізінде барлық мектептерде кітапхана бейресми қатынасу орталығына айналуы тиіс, мұнда күрделі педагогикалық міндеттер шешіледі, мұнда үйдегідей жинақы, әрі ақпаратты, мінсіз сыпайы әрі кішіпейіл қызметкерлер қызмет көрсетеді, оқырмандар мен қызметкерлер үшін ең қолайлы жағдайлар жасалған.

Ақпарат технологиялары белсенді түрде ендірілетін және игерілетін мектептерде мектеп кітапханашылары меншікті электрондық өнімдер – буклеттерді, электрондық әдістемелік басылымдарды, әдебиеттердің ақпараттық және ұсынба тізімдерін әзірлейді. Жұмыс тәжірибесінің таныстырылымдары әзірленеді; көпшілік шараларды сүйемелдеуге арналған бейнероликтер, фильмдер түсіріледі; кітапхананы дамыту жобалары әзірленеді. Сондай-ақ оқу және салалық әдебиетті жинақтаудың, жалпы білім беретін мекемелердің ақпарат ресурстарымен қамтылғандығы мен қажеттіктері деректер базалары жүргізіледі; толық мәтінді оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) түзіледі. Кейбір мектеп кітапханаларының, негізінен гимназиялардың, жалпы білім беретін лицейлердің білім беру ұйымының сайтында өз парақтары бар.

Республика мектеп кітапханаларының көпшілігі автоматтандырылған кітапхана-ақпарат бағдарламасында «Кітаптар» электрондық каталогын

жасақтау жұмысын бастады. Республиканың мектеп кітапханаларының көпшілігінде «ААКЖ – мектеп кітапханаларына арналған MARK SQL версиясы» автоматтандырылған кітапхана-ақпарат жүйесін ендіру ҚР БҒМ РҒПК мамандары оларға барған кезде аталған бағдарламаны тегін орнатудан басталды. Сонымен қатар бұл бағдарлама ҚР БҒМ РҒПК ұйымдастыратын (көшпелі және біздің кітапхананың арқауында) кітапханашылардың біліктілігін арттыру курстарында тегін таратылады. Аталған бағдарлама кітапхана жұмысын автоматтандыруға: электрондық каталогты жасақтауға; кітапхана қорларының есебін жүргізуге және түгендеуге септігін тигізеді; есеп құжаттарын әзірлеуге; кітап беруге көмектеседі.

Инновациялық ақпарат технологияларын мектеп кітапханаларының жұмысына ендіру мақсат емес, мақсатқа жетудің тиімді әдісі, электрондық ресурстар – тек оқыту мен білім берудің құралы ғана. Бастысы, түрлі ақпарат құралдарына залалын тигізбей, қисынды келісім табуда. Мектеп кітапханалары жұмысының тиімділігі тек берілген кітаптардың санымен өлшенбеуі тиіс. Басты нәтижесі оқырман қызығушылықтары мен жеке тұлғаның рухани-имани құндылықтары аясын кеңейту болуы тиіс.

Жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша негізгі және ересектер мектептерінің білім беру, оқыту бағдарламаларында заманауи ақпарат өнімдері мен қызметтерінің репертуарлары кең, өзіндік жұмыстың үлесі арта түсіп отыр. Оқыту процесінің өнімділігі ендігі жерде көбінесе педагогтар мен оқушылардың ақпарат қажеттіктерін қамтамасыз ету сапасымен анықталатын болады, ал бұл шүбәсіз, кітапханалар тарапынан айтарлықтай қолдауды қажет етеді. Мектепте білім берудің жаңа кезеңі басталарда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының қағидаттарын есепке ала отырып, жұмыстың тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Мектеп кітапханасында жайлы білім беру ортасын құру қажет, мұнда кітапханалық және педагогикалық тәсілдермен оқушылардың бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының рухани-имани құндылықтары қалыптастырылатын болады.

Тек оқушылардың ғана емес, сондай-ақ педагогтардың және оқушылардың ата-аналарының ақпарат мәдениетін және оқу мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мақсатты тиімді әрі сапалы жұмысты жандандыру қажет. Мектеп кітапханалары оқырман балалармен жүйелі жұмыс істеуі қажет, оның негізіне әдеби оқуға ғана емес, сондай-ақ ғылыми және публицистикалық оқуға, электрондық тасығыштағы жалпы сипаттағы оқуға қызығатын оқырманды тәрбиелеуді қамтамасыз ететін жасөспірім оқырмандармен жұмыс істеудің тиімді педагогикалық тәсілдерін, нысандары мен түрлерін іздестіру алынуы тиіс. Пәнаралық байланыстарды және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында кітапханашылар мен пән мұғалімдерінің, сынып жетекшісі мен оқушылардың ата-аналарының аса тығыз өзара іліктесуі арқылы сыныптан тыс оқу дәстүрін қайта жаңғырта отырып, ол үшін оқу өмірлік маңызды және қажетті іске айналған, оқудан қуаныш ала білетін рухани-имани жеке тұлғаға білім беру және тәрбиелеу мақсаттары мен міндеттерін біртұтас түсінуі тиіс.

Кітапханашы мен мұғалімнің жұмысын үйлестіру қажет. Мұғалім мен кітапханашы әр баланы әр қырынан көреді. Жұмысты үйлестіру және көзқарастарды біріктіру мұғалімге де, кітапханашыға да педагогикалық міндеттерді – әр оқушының ерекшеліктерін, оқуға қабілеттерін, әдебиеттерді таңдау кезінде жалпы мәдени деңгейін және жеке және класпен жұмыс істеу нысандарын ескере отырып, әр нақты баланы тәрбиелеу және білім беру міндеттерін тиімді шешуге көмектеседі.

Мұғалім балаларға тек өз пәнін оқытып қана қоймай, сонымен бірге ақпаратты өз бетінше алуға, аса маңыздыларын тауып, пайдасыздарын, ал кейде зиянды ақпарат тасқындарын сүзгілеп отыруға үйретуі тиіс. Бұл мұғалім мен кітапханашының қағидаттық тұрғыда жаңа әрі аса күрделі миссиясы.

Ақпарат тасқынының күрт артуына және мектепте білім берудің жаңғыруына байланысты ақпарат мәдениеті жөніндегі сабақтарды мектептің оқу жоспарларына, орта мектептің мектер құрамдасы есебінен сағаттар кестесіне енгізу қажет.

Мектеп кітапханалары еліміздің кітапхана жүйесінен айрықша орын алады. Мектеп кітапханасы баланың өміріндегі ең алғашқы кітапхана болып табылады, әрі тап осы мектеп кітапханасы кітапханалардың барлық түрлері үшін оқырман дайындайды, оған қоса олар білім беру жүйесі кітапханалары жалпы санының 92 % құрайды.

Оқу бағдарламаларының жаңа мазмұны, дәстүрлі пәндерді кеңейту және тереңдету, оқу орындары мен педагогтардың оқыту бағдарламаларын, әдістерін, әдістемелерін, түрлерін дербес таңдау құқығын мақұлдау түрлі ақпарат көздерін (бастапқы және қайталама) пайдаланудың жаңа деңгейін болжамдайды, оқу-тәрбиелеу процесінің мазмұнын өзгертуге ықпал етеді.

Дәстүрлі түрде мектеп кітапханалары білім беру процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін оқу-көмекші бөлімшелер ретінде қарастырылады. Алайда, қазіргі заманғы білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер кітапхана қызметкерлері мен педагогтарды білім беру мекемесіндегі кітапхана қызметіне басқаша қарауға, одан педагогикалық құрамдасты көруге итермелейді.

Соңғы онжылдықтағы экономикалық және әлеуметтік өзгерістер еліміздегі білім беруге деген көзқарасты толықтай өзгертті. Мектеп кітапханасы үшін шешілуіне жәрдемдесуді қазіргі заманғы мектеп талап етіп отырған проблемалар алдыңғы қатарға шықты.

Мектеп кітапханасының бүгінгі міндеттері мыналар:

1. Оқушыларға, педагогтарға және оқырмандардың басқа санаттарына кітапхана және ақпарат-библиографиялық қызмет көрсету жолымен оқу-тәрбиелеу процесін және өздігінен білім алуды қамтамасыз ету;

2. Оқушыларда тәуелсіз кітапхана пайдаланушысы: кітапты және басқа да ақпарат тасығыштарды пайдалану, ақпаратты іздестіру, іріктеу және сыни бағалау дағдыларын қалыптастыру;

3. Дәстүрлі кітапхана технологияларын жетілдіру және жаңаларын игеру. Кітапхана-ақпарат қызметтері ассортиментін кеңейту, ұйымдық

техниканы пайдалану және кітапхана-ақпарат процестерін компьютерлендіру негізінде олардың сапасын арттыру.

Анықтама бойынша, **педагогикалық қызмет** – бұл оқыту (білімдерді беру), тәрбиелеу (қасиеттер мен сенімдерді қалыптастыру) және білім беру (жеке тұлғаның білімдерін, дағдылары мен қабілеттерін және имандылық қасиеттерін жинақтау және органикалық бірлікке түрлендіру) жөніндегі практикалық қызмет. Және осы тұрғыда мектеп кітапханасы – айрықша педагогикалық орта болып табылады, мұнда кітапханашы өзінің кәсіби қызметінде:

- оқушылардың дербес өздігінен білім алу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыратын тәрбиеші;
- ақпарат көздерін іздестірген кезде кеңесші;
- табылған ақпаратты сыни түйсінуге үйрететін тәлімгер;
- оқушылардың жеке және ұжымдық қызметінің ұйымдастырушысы болып танылады.

Осылайша, мектеп кітапханашысы балаларды дамытады, оқытады, тәрбиелейді, яғни кітапханалық нысандармен және әдістермен педагогикалық қызметті іске асырады.

Мектеп кітапханасында қанаттас балалар оқуына басшылық жасау және өзіндік өздігінен білім алуды және ақпарат қызметін жетілдіру мәселелері бойынша педагогтарды ұдайы оқыту және біліктілігін арттыру жұмысы жүріп жатады.

Мектеп кітапханашыларына танымдық-практикалық қызметті басқаруға тура келеді:

- кітапхана іс-шараларына пәнаралық элементтерді кіріктіру және пәнаралық байланыстарды қолдау,
- оқушылардың оқу және тынығу тәжірибесіне, олардың шығармашылық дамуына ықпал ете отырып, ауқымды коммуникативтік және интеграциялық қызметті әдістемелік тұрғыда қолдау.

Осы негізде республиканың мектеп кітапханалары жеткілікті тиімді педагогикалық қызметті жүргізіп келеді.

Мектеп кітапханасының рөлі сондай-ақ:

- оқушылардың сөйлеу қызметін қалыптастыру (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу тілі),
- оқушыларға жа кеңістігін меңгеруде және бір жас кеңістігінен екіншісіне өту кезінде жәрдемдесу,
- ақырында, қабілеттердің жиынтығы ретінде ұғынылатын әрі сөйлеудің, жазудың сауаттылығын, пікір алуандығы жағдайында сыни ойлау, ойласымды әрекет ету қабілетін қамтитын азаматтық сауаттылықты қалыптастыру секілді тікелей функцияларын іске асыруда маңызды.

Республиканың мектеп кітапханаларының елеулі педагогикалық әлеуеті бар:

- оқушылармен жұмыс істей білетін қызметкерлер құрамы;

- оқу және білім беру қажеттіктеріне бағдарланған қорлар, ақпарат іздестіру дағдыларының қалыптасуына септігін тигізетін анықтама-библиографиялық аппарат;

- жеке және топпен өздігінен білім алу жұмысын қамтамасыз ететін үй-жайлар мен жабдықтар;

- оқытуды жетілдіру мақсатында мұғалімдер мен кітапханашылардың ұдайы серіктесу мүмкіндігі.

Мектеп кітапханаларының педагогикалық әлеуетін одан әрі қарай тиімді іске асыру үшін кітапханашылар кітапхана нысандары мен әдістерінің бай арсеналын белсенді түрде пайдалануы қажет. Мектеп кітапханасының іс-шараларын ұйымдастырудың дәстүрлі мақсаттары мен технологияларын қайта қарап, үйреншікті жұмыс әдістемесін педагогикалық мақсаттарға қол жеткізуге қайта бағдарлау талап етіледі.

Мектеп кітапханасына педагогикалық тұрғыда тап өзі үшін өзгеше міндеттерді шешуге көмектесу қажет:

- мектептің ортақ стратегиясына белсенді түрде ықпал ету, оған сәйкес барлық мұғалімдер мен кітапханашылар ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, оқушыларға оларды қажетіне қарай қолдануға жәрдемдеседі;

- мектеп үшін дәстүрлі жұмыс нысандарын (сыныптан тыс оқу сабақтары, кітапты, кітапхананы пайдалану дағдыларын сіңіру жөніндегі сабақтар, оқушыларға пайдаланушы ақпарат технологияларын үйрету жөніндегі практикумдар, арнаулы факультативтер, үйірмелер және т.т.) тиімді ұштастыру.

Мектеп кітапханаларына мектеп кітапханасының педагогикалық функцияларын жаңаша түйсініп, оны жаңа мазмұнмен толықтыру, педагогтардың үміттеріне, оқу процесін ақпаратпен қамсыздандыруға қойылатын заманауи талаптарға, оның өскелең ұрпақтың білім алуы мен тәрбиесіне ықпалын кеңейту үшін көп жұмыс істеуге тура келеді. Дәстүрлі кітапханалар электрондық кітапханаларға айналуда, және кітапхана қызметкерлеріне құжаттардың, ақпарат материалдарының жаңа түрлерімен жұмыс істеуге, кітапхана оқу ақпарат ортасы ретінде танылатын айрықша жағдайларда ақпаратпен жұмыс істеудің заманауи компьютерлік технологияларын меңгеруге тура келеді.

Бұл үшін біз мынаны ұсынамыз:

- республиканың мектеп кітапханаларын білім беру саласын жаңғыртудың ортақ процесіне кіріктіру.

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына оқу орындарының кітапханалары мәртебесі туралы ұсыныстар енгізу;

- Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мекемелерін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу;

- Жалпы білім беретін мекемелердің кітапханаларын жаңғырту бағдарлармасын мақұлдау;

- Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мекеме кітапханасының Үлгі стандартын әзірлеу;

- мектеп кітапханаларын жинақтауды мемлекеттік қолдаудың, мектеп кітапханаларын үздік әдебиетпен кепілдендірілген мақсатты жинақтау мақсатында мектеп кітапханаларын кітап баспагерлері үшін тартымды серіктестерге айналдыру шарттарын әзірлеу.

Бүгінде біздің бәрімізді мектеп кітапханаларының келешегі толғандырады. Бүгінде білім беру саласын дамыту білім беру мекемесінің және ең бірінші кезекте мектеп кітапханасының дамуынсыз мүмкін болмайды. Мектеп баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін жағдай туғызу міндетін қойып отыр. Кітапхана білім беру ортасының бөлшегі бола отырып, баланың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін жандандыруға қабілетті.

Мектеп те, кітапхана да бір мақсатты - ақпарат қоғамында және білім қоғамында өмір сүретін, өзін-өзі ұдайы дамытуға және өздігінен білім алуға қабілетті сауатты, зияткер, шығармашыл, иманды тұлғаны тәрбиелеуді көздейді.

Мектеп кітапханалары тарапынан смарт-оқытуға (smart education, «ақылды оқу») инфрақұрылымдар ұсыну маңызды үрдіске айналып келеді. Үздіксіз білім берудің аталған бағыты ұжыммен жұмыс істеудің қоғамдық кеңістігін, интерактивті контентті және жеке оқыту технологияларын қамтитын интерактивтік білім беру ортасында икемді оқытуды болжамдайды.

Жоғарыда тізбеленген инновациялық жұмыс тетіктерін соның ішінде мектеп кітапханаларының жүйелік өзара әрекеттестігін ендіру ұлттық білім беру жүйесінің жалпы тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Адам баласы уақыт өте өзгереді; ғылым мен техника дамиды; мектеп бағдарламалары күрделенеді; балаларымыз басқаша болады, бірақ адамзат оқудан басқа өз зердесін дамытатын үздік тәсілді әлі күнге дейін ойлап тапқан жоқ. Оқу – бұл білім беру, оқыту және тәрбиелеу негізі. Психология ғылымының соңғы жетістіктері мынаны көрсетеді, ақпарат сауаттылығын меңгерместен бұрын оқушы жазылғанды оқып, қабылдап және түсініп үйренуі тиіс. Оқусыз білім де, мәдениет те жоқ.

Нұрсұлтан Назарбаевтың қазіргі жастарды «Интернет буыны» деп атағаны бар. Алайда тек ақпарат технологияларымен ғана тұйықталып қалмаған жөн, өмірдің барлық салаларында белсенді болудың маңызы зор. Кітаптар оқып, ғылыми зерттеулермен, жаңа ашылымдармен және идеялармен әуестену қажет. Мен «Кітап оқитын адам теледидарды немесе Интернетті құрмет тұтатындарды басқаратын болады» деген сөзге кәміл сенемін» деп атап көрсетті Мемлекет басшысы.

Біз кітаптың бүгінде де, ақпарат технологиялары ғасырында рухты жетілдіретін құрал ретінде өз бағдарынан айырылмайтынына сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Назарбаев Н. G-GLOBAL - XXI ғасыр әлемі /Н. Назарбаев. - Астана: Деловой мир, 2013. - 216 б.

Назарбаев Н.Ә. Мәңгілік ел : ғасырға бергісіз жылдар /Н.Ә. Назарбаев. - Астана: Деловой мир, 2014. - 368 б.

Асанғазы О. Ұлт тұмары : мақалалар, сұхбаттар /О. Асанғазы. - Алматы: Palitra-Press, 2015. - 288 б.

Жұртбай Т. Біртұтас алаш идеясы : толғаныстар /Т. Жұртбай. - Алматы: Хантәңірі, 2016. - 380 б.

Сұлтанов Қ. Елбасы және қазақ мемлекетігі /Қ. Сұлтанов. - Алматы: Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциациясы, 2015. - 488 б.

* * * * *

Білім беру жүйесі кітапханаларына арналған нормативтік-регламенттік құжаттар және әдістемелік құралдар /ҚР БҒМ РҒПК; құраст.: А.С. Аманова; А.Б. Емишова; жауапты редакторы А.Ә. Насырова. – 5-ші басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, 2016. – 270 б.

Нормативно-регламентирующие документы и методические пособия для библиотек системы образования /РНПБ МОН РК; составитель А.С. Аманова; ответственный редактор А.А. Насырова. – 5-е изд., с измен. и доп. – Алматы, 2016. – 261 с.

Мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру: нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар және есептік түрлері /ҚР БҒМ РҒПК; құраст. А.С. Аманова; редакторы А.Ә. Насырова. – 2-ші басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы: «Тау-Самал» ЖК, 2014. – 316 б.

Организация работы школьных библиотек: инструктивно-методические рекомендации и учетные формы /РНПБ МОН РК; сост. А.С. Аманова, ред. А.А. Насырова. – 2-е изд., перераб. и доп. - Алматы, 2014. – 319 с.

Ана тілім – асыл қазынам: орта және кәсіптік-техникалық мектеп, лицей, колледж кітапханашыларына арналған әдістеме-библиографиялық құрал /ҚР БҒМ РҒПК; құраст. З.Қ. Қосуақова; ред. А.Ә. Насырова. – Алматы, 2008. – 44 б.

Елін сүйген ер болар: жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру: орта және кәсіптік-техникалық мектеп, лицей, колледж кітапханашыларына арналған әдістеме-библиографиялық құрал. = Народу служить – патриотом быть: патриотическое воспитание подрастающего поколения: методико-библиографическое пособие для библиотекарей средних и профессионально-технических школ, лицеев, колледжей /ҚР БҒМ РҒПК; құраст. Н.Б. Деңгелбаева, С.Б. Ратманова; ред. А.Ә. Насырова. – Алматы, 2008. – 101 б.

Қазақ әдебиетінің әлемі: орта және кәсіптік-техникалық мектеп, лицей кітапханашыларына арналған әдістеме-библиографиялық құрал = Мир казахской литературы: методико-библиографическое пособие для библиотекарей средних и профессионально-технических школ, лицеев /ҚР

БҒМ РҒПК; құраст. Н. Деңгелбаева, Г. Жамбулатова; жауапты ред. А.Насырова. – ІҮ бөлім. - Алматы, 2006. – 91 б.

Қазақ әдебиетінің әлемі = Мир казахской литературы: методико-библиографическое пособие для библиотекарей средних школ и колледжей /ҚР БҒМ РҒПК; құраст.: Б. Отжагарова, Д. Алпамышева; редактор А. Насырова. – Алматы: «Тау-Самал» ЖК, 2014. - Часть V. – 90 б.

Қазақ халық ағартушылары = Просветители казахского народа: методико-библиографическое пособие для библиотекарей средних школ, профессиональных школ (лицеев), колледжей /РНПБ МОН РК; сост.: З.К. Косуақова, Д.Ж. Алпамышева; ред. А.А. Насырова. – Алматы, 2012. – 121 б.

Нашақорлық, ЖҚТБ (Жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі), СПИД – Қазақстан жастарының өміріне төнген қауіп: орта және кәсіптік-техникалық мектеп, лицей, колледж кітапханашыларына арналған әдістеме-библиографиялық құрал. = Наркомания, СПИД – угроза жизни молодежи Казахстана: методико-библиографическое пособие для библиотекарей средних и профессионально-технических школ, лицеев, колледжей /ҚР БҒМ РҒПК; құраст. Д.Ж. Алпамышева, Г.А. Жамбулатова; ред. А.Ә. Насырова. – Алматы, 2008. – 55 б.

Ошпес ерлік жылдары: Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 65 жыл: орта және кәсіптік-техникалық мектеп, лицей, колледж кітапханашыларына арналған әдістеме-библиографиялық құрал = Немеркнуший подвиг народа: 65 лет Победе в Великой Отечественной войне: методико-библиографическое пособие для библиотекарей средних и профессионально-технических школ, лицеев, колледжей /ҚР БҒМ РҒПК; құраст. Н.Б. Деңгелбаева, Д.Ж. Алпамышева; ред. А.Ә. Насырова. – Алматы, 2010. – 109 б.

Ұлт мұрасы – рухани байлық көзі: жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру: орта және кәсіптік-техникалық мектеп, лицей, колледж кітапханашыларына арналған әдістеме-библиографиялық құрал = Национальное наследие – источник духовного богатства: духовно-нравственное воспитание подрастающего поколения: методико-библиографическое пособие для библиотекарей средних и профессионально-технических школ, лицеев, колледжей /ҚР БҒМ РҒПК; құраст. З.Қ. Қосуақова, Д.Ж. Алпамышева; ред. А.Ә. Насырова. – Алматы, 2010. – 109 б.

* * * * *

Аймаханов Е. "Жолдаудың сөзі - жастардың көзімен": [Елбасының халыққа жолдауын насихаттау] /Е. Аймаханов //Тәрбие құралы. - 2016. - № 4. - 7-9 б.

Альменова Г.А. Мәңгілік Ел: Бір ел - бір тағдыр (1 қыркүйек - білім күніне арналған тәрбие сынып сағаты. 9-сынып) /Г.А. Альменова //Мектеп - 45 минут. - 2016. - № 5. - 45-46 б.

Ауезбекова А.Б. Қазақ тілі мен әдебиет оқу бағдарламаларын мәңгілік ел құндылықтарымен толықтыру бағдары /А.Б. Ауезбекова //Ұлттық тәрбие. - 2016. - № 1. - 38-41 б.

Әйтiмов Ж. "Ұлы Дала" елінің ұлы идеясы! /Ж. Әйтiмов //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2016. - № 1. - 3-5 б.

Әлдекенова А. "Мәңгілік Ел" идеясы аясында патриот тұлғаны тәрбиелеудегі пәннің рөлі /А. Әлдекенова //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2016. - № 7. - 44-47 б.

Бейсенов Б. Тұтастық пен жаңғырту - Мәңгілік Ел мұраты: [Н.Ә.Назарбаевтың "Ұлт жоспары -қазақстандық арманға бастайтын жол" атты мақаласы талқыланды] /Б. Бейсенов //Білімді ел = Образованная страна. - 2016. - 26 қаңтар.

Бекбаева А.Т. "Мұрагер" бағдарламасы "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясының мәнмәтінінде өскелең ұрпақтың мәдени-рухани құндылықтарын қалыптастырудың басты құралы /А.Т. Бекбаева //Әдіскер = Методист. - 2016. - № 1.- 6-9 б.

Губашева А.З. "Жаңаша білім беру - болашақ бастауы": [мақалада мектеп ұжымының білім мазмұнын жаңарту аясында, сонымен қатар "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру бойынша атқарып жатқан іс-шаралары туралы баяндалған] /А.З. Губашева //12 жылдық білім беру = 12-летнее образование. - 2016. - № 3. - 22-24 б.

Губашева А. "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асыру аясында тәрбие жұмысының басым бағыттары /А. Губашева //Мектеп директоры = Директор школы. - 2016. - № 3. - 10-12 б б.

Губашева А.З. "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асыру аясында тәрбие жұмысының басым бағыттары /А.З. Губашева //Педагог. - 2016. - № 4. - 9-10 б.

Дүйсебаева М.Ж. Елбасы шығармаларын оқып-үйрену арқылы "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асыру жолдары /М.Ж. Дүйсебаева //Білім = Образование. - 2015. - № 4. - 52-55 б.

Елхондиева Қ. "Қазақстан - 2050": Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ /Қ. Елхондиева //Бала тәрбиесі. - 2015. - № 2.- 9-10 б.

Ешмағамбетов Н. Мәңгілік ел және Елбасы /Н. Ешмағамбетов //Колледж және кәсіптік бағдар. - 2014. - № 3. - 2-4 б.

Жамалова Ж. Мәңгілік ел идеясы - ұлттың ұлы мұрасы: ["Мәңгілік ел идеясы - ұлттың ұлы мұраты" атты ашық тәрбие сағаты] /Ж. Жамалова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 1. - 11-16 б.

Жасағанбергенова Б.И. "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы - мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие негізі /Б.И. Жасағанбергенова //Білім = Образование. - 2016. - № 2. - 34-37 б.

Жолдасқалиева А. Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: [1 қыркүйек - Білім күні. (Тәрбие сағаты)] /А. Жолдасқалиева //Мектеп - 45 минут. - 2015. - № 2. - 45-46 б.

Жүсіпбекова Ф. Талаптыға қолдау бар: [Қазақ гуманитарлық заң университетінде Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, "Мәңгілік ел - 2050" республикалық байқауының пресс-конференциясы өтті] /Ф. Жүсіпбекова //Білімді ел = Образованная страна. - 2016. - 12 қаңтар.

Жұмажанова А. Бүгінгі мұғалім - "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асырушы /А. Жұмажанова //Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде = Казахский язык и литература в русской школе. - 2016. - № 9. - 20-24 б.

Изтулеуова С. Қазақстан - тұғыры биік мемлекет /С. Изтулеуова //Мектеп директоры = Директор школы. - 2016. - № 3. -8-10 б.

Иманова Л. "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы негізінде Қазақстан тарихын оқытудың негізгі мәселері /Л. Иманова //Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да = Всеобщая история и правоведение в школе, колледже и ВУЗ-е. - 2016. - № 4-5. - 30-32 б.

Имашова Ш. Алаш идеясы - "Мәңгілік ел" құндылықтарының негізі /Ш. Имашова //Қазақстан мектебі. - 2016. - № 9. - 3-6 б.

Күдериев Е. Жас ұрпақты "Мәңгілік ел" идеялары рухында тәрбиелеу /Е. Күдериев //Ұлағат. - 2016. - № 2. - 103-107 б.

Қадырбекұлы Ұ. Ұлт көшбасшысы және "Мәңгілік ел" идеясы: [бұл мақалада Елбасы, ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауындағы "Мәңгілік ел" идеясы, ондағы міндеттер мен идеялардың мазмұны баяндалады] /Ұ. Қадырбекұлы //Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. - 2015. - № 3. - 13-15 б.

Қалиев Ж.Н. "Мәңгілік Ел" жалпы ұлттық идеясы құндылықтарын білім беру процесіне енгізу мәселелері туралы /Ж.Н. Қалиев, Қ.Б. Адиет //Ұлттық тәрбие. - 2016. - № 3. - 10-14 б.

Қамақ Ә. Ұстаздық кәсіп - "Мәңгілік Ел" болашағының кепілі /Ә. Қамақ //Мектеп директоры = Директор школы. - 2016. - № 4. - 22-24 б.

Қаресова Г.Қ. "Мәңгілік Ел" - ізгі мақсат /Г.Қ. Қаресова //Педагогика және оқушы психологиясы. - 2016. - № 2. - 21-22 б.

Қылышбаева Г. Махамбет жырларының ұлттық мұраты - "Азаттық. Тәуелсіздік. Мәңгілік Ел" /Г.Қылышбаева //Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2016. - № 9. - 23-26 б.

Омарова М.Т. "Мәңгілік ел" ұлттық идеясы - заманауи қазақстандық қоғамның басты бағыты /М.Т. Омарова //Білім = Образование. - 2015. - № 3. - 45-48 б.

Ошақбаева Ж. Алаш идеясы - "Мәңгілік Ел" идеясының рухани негізі /Ж. Ошақбаева //Ұлттық тәрбие. - 2016. - № 3. - 20-23 б.

Піралина Г.Ж. Білім беру үдерісінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес Мәңгілік Ел құндылықтарын жүзеге асыру жолдары /Г.Ж. Піралина // 12 жылдық білім беру = 12-летнее образование. - 2016. - № 3. - 17-21 б.

Пірәлиев С. Мәңгілік ел және этнопедагогика мәселелері: [ҚР Президенті Н. Назарбаевтың "Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" Жолдауының құндылығы] /С.Пірәлиев //Ақиқат. - 2015. - № 3. - 10-14 б.

Сабилов Х. Мәңгілік ел тұғыры - салауатты ұрпақ /Х. Сабилов //Валеология. Салауатты өмір салты = Здоровый образ жизни. - 2016. № 3. - 3-б.

Сағиқызы А. "Мәңгілік Ел" - келісім мен бірлік идеясы /А. Сағиқызы //Ұлттық тәрбие. - 2016. - № 3. - 6-9 б.

Сағитова Г.Б. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеудегі жұмыс жүйесінің басымдылығы: [мақалада білім алушыларды "Мәңгілік Ел" құндылықтарына бағыттауда

оқу-тәрбие жүйесінде атқарылып жатқан жұмыстар қарастырылған] /Г.Б. Сағитова //Білім = Образование. - 2015. - № 4. - 49-51 б.

Садықов Т. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы /Т. Садықов //Дарын. - 2016. - № 3. - 9-15 б.

Саматов С. Тәуелсіздік тұғыры - "Мәңгілік ел: [Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне - 25 жыл] /С. Саматов //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2016. - № 3. - 3-5 б.

Саналиев Ғ.Е. Қазақстан тарихы пәндерінде патриоттық тәрбиелеудегі "Мәңгілік Ел" идеясының маңызы /Ғ.Е. Саналиев //Открытая школа. - 2016. - № 7. - 16-19 б.

Сәтімбеков Р. "Ұлы Дала елінің" ұланымыз! "Мәңгілік ел" - ең басты ұранымыз! /Р. Сәтімбеков, Н. Мәдениет, Н. Құдайбергенова //Тәрбие құралы. - 2016. - № 1. - 5-6 б.

Сланбекова К. Қазақ елінің ұлы мұраты Мәңгілік ел идеясы /К.Сланбекова //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2016. - № 7. - 34-38 б.

Смағұл А.Т. Инновациялық іс-тәжірибедегі - "Мәңгілік Ел" құндылықтары /А.Т. Смағұл // Білім = Образование. - 2016. - № 2. - 38-43 б.

Смағұл А. "Мәңгілік Ел" идеясы: негіздері және тарихи сабақтастық ұстанымдары /А. Смағұл //Қазақстан тарихы: әдістемелік құрал. - 2016. - № 4. - 36-43 б.

Табанова М. Әлия - "Мәңгілік Ел" деген құдіретті ұғымның бір бөлшегі: [Ұлы Жеңістің 71 жылдығы, оның ішінде Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұловаға арналған кеш] /М. Табанова //Сыныптағы тәрбие. - 2016. - № 3-4. - 11-13 б.

Утарова А.У. "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру барысында "Бизнес-математика таңдау" курсының маңыздылығы /А.У. Утарова // Электрондық мектеп = Электронная школа. - 2016. - № 3. - 20-22 б.

Хайруллаева С.А. "Мәңгілік Ел" идеясын мектеп бағдарламасында қолдану /С.А. Хайруллаева //Ұлттық тәрбие. - 2015. - № 5. - 56-59 б.

Халмырзаева Ж.Ә. Қазақ тілі - мәңгілік елдің жасампазы / Ж.Ә. Халмырзаева //Педагогикалық кеңес: мектептегі оқу-тәрбие, басқару жұмысы = Педагогический совет: управление и учебно-воспитательная работа в школе. - 2016. - № 3-4. - 15-16 б.

Шахизатқызы Б. Мәңгілік ел - біздің ұлы және лайықты Қазақстан! [ашық тәрбие сағаты] /Б. Шахизатқызы //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 7. - 5-10 б.